ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ ФИЛИАЛЫ
«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ»

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ФИЛИАЛ АО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ
«ӨРЛЕУ» «ИНСТИТУТ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
РАБОТНИКОВ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

# «Білім берудегі инновациялар мен тәжірибе - уақыт талабы» атты Екінші Республикалық Педагогикалық оқуларының облыстық кезеңінің МАТЕРИАЛДАРЫ

*(22 сәуір 2016 ж.)*

# МАТЕРИАЛЫ Областного этапа вторых Республиканских педагогических чтений «Инновации и опыт в образовании-вызовы времени»

*(22 апреля 2016 г.)*

АЛМАТЫ – 2016

...леме беру;
... хат ;
...рінің жұмыстарына пікір айту;
...- жауап
...рмаларды топпен не жұппен жасаткан кезде, окушылар арасында пайда ...ркасында, балалардын бір-бірін тыңдау, сыйлау сезімдері және оз ойын ... дағдылары қалыптасканына коз жеткіздім.
...ысында окушылардың сөздік корларынын жетіспеуі, дәлелдеулердің аздығы, ...ін басымдылығы,берілген уақыттарын ұтымды колдана алмауы сияқты ... Бұл кедергілерді жою үшін -мәтінмен жұмыс жасауға, дәлелді кагидаттар ...ушілік әрекеттерге үйретіп, көркем тарихи шығарма, ғылыми еңбектермен ...сату сыни тұрғыдан ойлауға дағдыландыру керек.
... зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу окушылардың білім алуынын ажырамас ... табылады және әңгімелесудің үш түрі бар: әңгіме-дебат, топтык әңгіме, ...гіме (Мұғалімге арналған нұсқаулык). Мерсердің әр түрге беріп кеткен ... сүйене отырып, өз тәжірибемде зерттеушілік әңгіме орын алғанын ...ен не жұппен жұмыс жасау барысында, әр окушы оз идеясы мен жауабын ...тар оған сыни көзқараспен карап, сұрақтар койған сәтте, жауабын ұсынған ...н дәлелдемелер орын алып жатады.
... жұппен не топпен жұмыс жасау барысында, әуелі идеялармен өзара ...оон бір-біріне сұрак қою, яғни диалог арқылы жұмыстарын жүйеге келтіреді. ...ргау кезінде, окушыларға өмірде кездесетін киындыктарды жеңе алу, кез- ...тің белгілі бір жағдайға тигізетін әсері жөнінде ойларымен бөлісуге ... максатын көздеп, қосымша сұрақтар коямын. Балалардын жауаптарына ... окушылардың мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздеп таба алатынын, ... жасай және шешім қабылдай алатынын байкадым. Осы сабактағы ... әрекеттестігін зерттей отыра, келесі корытындыға келдім: «серіктестермен ... окушыларды бір-бірінің ұстанымдары мен идеяларын жаксы таныш білуге ... отырып, жауапкершілікті, талапты болуға итермелеп, өз ойын дәлелді ...ерін дамытып, окушы бойында іскер адамға тән касиеттерді оятады. ... сабактарымның топтамасына сүйене отырып, диалогтік оқыту әдісі ...ктарымның талдауын жасау аркылы, Окушыны баска қырынан тану, ... ауыз екі сөйлеуі, топта өз пікірін жеткізе білуі, сыни ойлауға ... құрастырылған сұрак окушының білімін тексеріп кана коймай, оның ...леу, пікірін білдіру дағдысын да жаттыктыратынын, яғни әлеуметтік ортада ... дағдысын қалыптастыратынын түсініп, келешек тәжірибемде диалогтік ...йдалануды көздедім. Нәтижесінде жана тақырыпты өздіктерінен бірлесе ...тұрғыдан ойлау, қызығушылығы, бірін-бірі тыңдайды

## ХИП-ХОП ПЕДАГОГИКА

**Н.У.Нургалиев**

...логия бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалім-сарапшысы
Алматы қ.

... саласында әндерді окушыларға эмоциялык әсер ету құралы ретінде ... коғам үшін жаңалык емес. Мысалы, 1980 жж. ортасында көгілдір экранға ...лдыз болуға болады» деген фильм эпизодтарынын бірінде Ресейдің халык ...онтьевтің орындауында «Гиподинамия» әні шырқалған болатын. Бұл әннің ...мия деген аурудың анықтамасы жеңіл, әрі түсінікті тілмен берілген болса, ... аурудың алдын алу шаралары накты келтірілген. Яғни, аталмыш өнер

туындысы гиподинамияның алдын алу үшін арнайы жазылған деуге болады. Дегенмен, бұл әннің авторы Андрей Вознесенский мен композиторы Раймонд Паулс білім беру саласында мүлдем жаңа бағыты – хип-хоп педагогиканың Кеңес Одағында дүниеге келуіне себепкер болғанын да сезбеген секілді. Олай болса, хип-хоп педагогиканың тарихына көз жүгіртейік.

Алғаш рет қара нәсілді ұлт өкілдерінің арасында кең таралған хип-хоп мәдениетінің білім беру саласына тиімділігі туралы дебат 1978 ж. АҚШ-ның Нью-Йорк қаласында оздырылған екен. Кейінірек осы тақырып төңірегінде өзінің «Хип-хоп күші» атты магистрлік диссертациясында радио комментаторы Дэвид Кук ой қозғаған болатын. [1, 5-бет] Бұл бағытты ұстанушылардың келесі жарқын өкіліне АҚШ-тың ұлы ұстаздарының бірі – Рон Кларкты жатқызуға болады. Нью-Йорктың ең нашар мектептерінің бірінде оқушылардың білімге деген құштарлығын түрлі инновациялық әдістер арқылы арттырған атақты мұғалімнің шынайы тағдыры туралы 2006 ж. шыққан «Рон Кларктың оқиғасы» фильмінен педагогтың Америка тарихын рэп арқылы жеткізген эпизодын көруге болады. Ресей Федерациясындағы хип-хоп педагогиканың ресми түрде дүниеге келген жылы 2015 жыл деп санауға болады. Себебі Орыс география қоғамының ұсынысымен Edutain-студия компаниясы Ресей мемлекетінің физикалық-экономикалық географиясын мектеп оқушыларына ойын түрінде жаттату мақсатымен «Рэп-сабақ» деген жобаны іске қосып, нәтижесінде тамаша сандық білім беретін ресурсты жарыққа шығарған болатын. Қазақ педагогикасында бұл бағытты зерттеу жұмыстарының алғашқы қадамы ретіндегі мақала биыл Қостанай қаласында өткен «Инновацияларды практикаға енгізуде педагогикалық ЖОО мен білім беру мекемелерінің интеграциясы» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның жинағында жарыққа шықты. Ендеше хип-хоп педагогиканың артықшылықтарына тоқталайын.

Біріншіден, ән айту диалогтық оқытудың әдісі ретінде терминологиялық сөздік қорын кеңейтіп, пәндік ұғымдарды тереңірек меңгертуге мүмкіндік беретін тәсіл болып табылады.

Екіншіден, әндер оқушылардың дикторлық қабілеттерін жетілдіруге, музыкалық дарындылығын, соның ішінде тональдылық пен ритмиканы дамытуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, ән арқылы әрбір оқушының шығармашылық қабілеттерін анықтап, сыныпта жағымды психологиялық атмосфера қалыптастыруға, оқушылардың эмоционалды тонусын көтеріп, пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Әрине, оқу-тәрбие процесінде оқушының ой-өрісі мен ішкі дүниесін біріктіретін әндер кез келген халық шығармашылығында көптеп саналады. Алайда ән сабағынан басқа пәндердің оқыту әдістемесінде белгілі бір тақырыпты баяндайтын айрықша және оқу мақсаттары үшін арнайы дайындалған музыкалық материалдар мен әндерді саусақпен санауға болады. Сондықтан оқу процесіне теориялық материалды меңгертуді ғана көздемейтін, сонымен қатар оқушыларды рухани тәрбиелеуге және олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға септігін тигізетін ресурстарды енгізу қажеттілігі туындап отыр. Осы мақсатпен 2013 ж. Астана қаласында Назарбаев Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің арасында өткен «Жылдың үздік ұстазы» байқауының «Педагогикалық жағдаят» турында Ерболат Құдайбергеновтың «Үш жүз» әнінің әуеніне жазылған «Геохронологиялық шкала» композициясын шырқаған болатынмын. Биология сабағында органикалық дүниенің эволюциясын толық баяндау үшін пайдалануға болатын бұл әннен үзінді келтірейін.

1. Геохронология
Шкаласының басына
Қарасаңыз көз сала,
Жаратылған планета
Төрт жарым миллиард жыл
Бұрын зор жарылыстан,
Бір миллиард жылдан соң
Пайда болған тірі жан.
Архей атты алғашқы эонда
Пайда болған прокариот бактерия,

Строматолит деген қалдық қазба,
...тотрофтар түзілген соңында.
**...йырмасы:**
...те заман - палеозой,
...та заман - мезозой,
...ңғы заман - кайнозой,
...лымен архей, протерозой.
...ғарыда келтірілген биологиялық әнді хип-хоп педагогиканың қазақ тіліндегі тұңғыш ...п білемін. Дегенмен, қазақ тіліндегі рэпті алғаш рет биыл Алматы қаласының химия-... бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 8-сыныпта өткен «Өкпе мен ...ы газ алмасу» тақырыбындағы сабақтың тақырыбын ашу үшін пайдаландым. «Ой ... бөлімінде қолданылған бұл рэптің тексті:
...кенде біз қарадық зат алмасу,
...робты, анаэробты тынысалу,
...мтүтік, желбезек пен өкпе тану.
...кция теңдеуі бұл тынысалу:
...ғады алты оттегі плюс көмірсу
...мірқышқыл газы мен алты моль су.
...гін біз қарастыратын тақырып аты -
Өкпе мен ұлпадағы газ алмасу».
...рінші сәуір күні осы білім ордасында, күн сайын өткізілетін брифингте «Құстар ... орай тұңғыш рет қазақ тіліндегі биологиялық клиптің тұсаукесері болды. Осы ...караоке үшін титр түрінде жазылған мәтінін ұсынайын.
...рінші сәуір – құстар күні!
Құстар дегенің – табиғат көркі!
...стематикада Chordata типі,
...ыртқалылардың ұшатын өкілі.
...уырсын қаптаған оның денесі,
...ғақ, әрі жұқа құстың терісі,
...ймшақ болмаса, өте аз бездері.
...шығы құстың, мінезі күрделі.
...евматикалық жеңіл сүйегі,
...са, сегізкөз, белі бірікті,
...с сүйегі де, жіліншікке ие.
...пшілігінде төс қыртөс түзеді.
...натқа айналған алдыңғы аяғы,
...пшілігінің үш-төрт саусақты.
...есінде бар ауа қапшығы,
«Қосарлы» атау тынысалуы.
...талған оң жақ қолқа доғасы,
...лыканды оның температурасы.
...тер жойылып, тұмсық дамыды,
...тындықтан жойылған қуығы.
...бейгенде құс іштей ұрықтанады,
...алықта жоқ оң жыныс безі,
...ті қабықты жұмыртқа салады,
...ызылшақа және шырақ балапаны.
...сы дамыған ұрпақ қамқорлығы,
...алық жыныс гомогаметалы.
...генмен болмайды сыртқы құлағы,
...зім мүшесінен көзі қырағы.
...нгвин, түйеқұс, қыртөс тармағы.

Биосферада үлкен маңызы.
Археоптерикс – құс ата-тегі,
Орнитологтар, бұл құстар күні!

Хип-хоп педагогика элементтерін тек биология пәндерінде ғана емес, сонымен қатар түрлі кәсіби сайыстарда өзіңді таныстыру үшін де пайдаланған тиімді. Мысалы, жуырда ғана оздырылған Bilim Media Group компаниясының «Жаңашыл ұстаз - 2016» байқауының II туры тапсырмаларының бірі - видеопрезентацияда өзімді рэп арқылы таныстыруды жөн көрдім. Ендігі кезекте алдағы уақытта Қазақстандық хип-хоп педагогиканы дамыту мақсатымен бұл бағыт бойынша Республикалық сайыс ұйымдастыру жоспарда бар.

Сонымен, кез келген өнер туындысы ретінде әнге вербалды мәтіннің болуының арқасында коммуникативті қызмет тән. Әннің бұл ерекшелігін ұстаздар шәкірттерінің сыни тұрғыдан ойлауын, АКТ құзіреттілігін дамыту мақсатында өз пәндерінен әндер шығарту арқылы қолдануы керек деп есептеймін. Болашақта хип-хоп педагогиканың қазіргі кезде жиі пайдаланылатын рэп жанрынан басқа қазақ халқының ұлттық өнерінің бірі – айтыс-сабақ саласының бастау алатынына күмәнім жоқ.

**Әдебиет тізімі:**

1. M.Hall. Education in a Hip-Hop Nation: Towards a Social Justice Hip-Hop Pedagogy. NY. 2009, 71 pp.

## CLIL ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

**Еликбаева Айгуль Мамырбековна**
жаратылыстану ғылымдарының магистрі, «Алтын ауыл ОМ МДШО» КММ-нің информатика пәнінің мұғалімі
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы

***Біздің заманымыздың талабы - игерілген білім мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы интерпретациялау***

Жас ұрпақты өмір талабына сай оқыту, білім беру, оларды өмірдің барлық көрінісінде қолдана алатын білім мен біліктілікпен қамтамасыз ету - оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды тиімді, ұтымды қолданумен қол жеткізу мүмкін екені дау тудырмайтын аксиомаға айналды. Әрі біздің тез қарқынды дамып отырған ақпараттық заманымызда білімді меңгеруге ағылшын тілі ықпалының зор екендігі анық.

«Көптілділік» кез келген тұлғаның қалыптасуына және болашақта Қазақстан Республикасының жан – жақты дамуына әсер етуі үшін қажетті құралдардың бірі, сонымен қатар, «модернизациялану», «жаһандану» үрдістерін қабылдауда жетекші роль атқарады. **Елбасымыздың ұсынған «Үштұғырлы тіл» саясатының негізгі мақсаты: мемлекеттік тіл-қазақ тілін орыс және ағылшын тілдерінің деңгейіне дейін көтеріп, бәсекелестігін арттыру болып табылады. Шет тілін меңгертумен қатар оқушылардың бойында** ақпараттық-технологиялық құзыреттілік яғни өз бетінше іздей білу, талдау, таңдай білу, өзгерте білу, ақпараттық технологияны игеру, интерпретациялау дағдыларын да қалыптастыру **заман талабына сай қажеттіліктен туындап отыр.**




**1- CLIL әдісі**

| | | |
|---|---|---|
| | МАҢЫЗЫ | |
| Б.Н.Темирбаева | ОҚУЫНДА УАҚЫТША ОЛҚЫЛЫҚТАРЫ БАР ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС | 385 |
| А.С.Арпабаева | МӘҢГІЛІК ЕЛ» БОЛУ – МЕРЕЙЛІ МҰРАТ | 387 |
| М.А.Берлібекова | БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ТЕХНОЛОГИЯЛАНДЫРУ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ | 390 |
| В.Б.Бигабылова | ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ | 394 |
| Д.Е.Бухарбаева | ДАРЫНДЫ ҚАБІЛЕТІ БАР БАЛАЛАРДЫ ЖЕКЕ БАҒЫТТА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ | 397 |
| Н.Т.Жауынбаева | ЖАҢАШЫЛДЫҚ, ӨЗГЕРІС, ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ТИІМДІЛІГІ | 399 |
| Ж.С.Мұсабеков | АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҚТАРЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ | 403 |
| Б.М.Хасенова | БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ТЕХНОЛОГИЯЛАНДЫРУ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ | 407 |
| Р.Е.Жексенбаева | ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУГЕ ЫҚПАЛЫ | 410 |
| Б.О.Тюменбаева | ШЕБЕР СЫНЫП ЖОСПАРЫ: МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ҰБТ-ГЕ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР | 413 |
| А.Дорводхан | «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ АЯСЫНДА ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ | 415 |
| И.И. Дыбова | ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ КАК ЗАЛОГ УСПЕШНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ | 419 |
| Т.А Тикебаева | ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДАҒЫ СКАФФОЛДЕРЛЕРДІҢ РӨЛІ | 422 |
| Ә.С.Кемелова | МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА АКТ-НЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ | 425 |
| С.К.Карбозова | ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІН ЖАҢАША ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ | 430 |
| М.С.Кубеева | ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ | 434 |
| Н.У.Нургалиев | ХИП-ХОП ПЕДАГОГИКА | 435 |
| А.М.Еликбаева | CLIL ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ШЕТ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ | 438 |
| Р.Ж.Курмангалиева | ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ ВОСПИТАНИЕ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ В КОНТЕКСТЕ РЕАЛИЗАЦИИ ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ « МӘҢГІЛІК ЕЛ» | 443 |
| А.Н.Илесова | ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ГРАФИГІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ | 451 |
| Г.А.Байжумаева | БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІН ТЕХНОЛОГИЯЛАНДЫРУ МЕКТЕПТІК БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ РЕСУРСЫ РЕТІНДЕ | 456 |
| С.Ж.Смагул | ТАРИХ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ФАКТОРЫНЫҢ БІРІ – ЖҰПТЫҚ ЖӘНЕ ТОПТЫҚ ЖҰМЫС | 460 |
| Н.Б.Мүлкібаев | БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР | 463 |
| М.М.Мадьярова | АНАЛИЗ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА КАК ОДИН ИЗ ОСНОВНЫХ ОСНОВНЫХ МЕТОДОВ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ (НА ПРИМЕРЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА «ГРОЗА» Л.Н.ТОЛСТОГО ) | 467 |
| Е.Н.Кузнецова | РОЛЬ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ | 473 |

**«Білім берудегі инновациялар мен тәжірибе - уақыт талабы» атты Екінші Республикалық Педагогикалық оқуларының облыстық кезеңінің МАТЕРИАЛДАРЫ**

***(22 сәуір 2016 ж.)***

**МАТЕРИАЛЫ**

**Областного этапа вторых Республиканских педагогических чтений «Инновации и опыт в образовании-вызовы времени»**

***(22 апреля 2016 г.)***

*Басуға 19. 04. 2016 ж. қол қойылды.*
*Пішіні 64x32/4. Көлемі 93 баспа табақ.*
*RISO басылым.*
*Тапсырыс № 129*

*ЖС «Тантеев» баспасы.*
*Алматы қаласы, 4-Ақсай ықшам ауданы 73 үй.*
*Телефон: 8 701 429 12 82*